



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

МКҚК «ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ»

1304000 «ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

Біліктілік: 130403 3 – техник

Біліктілік: 1304043 – техник-бағдарламашы

Біліктілік: 130405 3 – ақпаратты қорғау технигі

Біліктілік: 130406 3 – компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсететін техник

1306000 «РАДИОЭЛЕКТРОНИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС»

Біліктілік: 1306093 – байланыс технигі

білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптама комиссиясының жұмыс нәтижесі туралы

2018 ж «14» - «16» мамыр.

ШЫМКЕНТ 2018

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГЛЕУДІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
Сыртқы сараптама комиссиясы

*НААР Аккредиттеу
кеңесіне бағытталады*



Независимое агентство
аккредитации и рейтинга

МКҚК «ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ»

**1304000 «ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУ»**

Біліктілік: 130403 3 – техник

Біліктілік: 1304043 – техник-бағдарламашы

Біліктілік: 130405 3 – ақпаратты қорғау технигі

Біліктілік: 130406 3 – компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсететін техник

1306000«РАДИОЭЛЕКТРОНИКА ЖӘНЕБАЙЛАНЫС»

Біліктілік: 1306093 – байланыс технигі

**білім беру бағдарламаларының мамандандырылған
аккредиттеу стандарттарының талаптарына
сәйкестігін бағалау бойынша
сыртқы сараптама комиссиясының
жұмыс нәтижесі туралы**

ЕСЕП

2018 ж«14» - «16» мамыр.

Шымкент қ.

2018 жыл«16» мамыр

МАЗМҰНЫ

(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.....	3
(II) КІРІСПЕ	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАҢЫСТЫРУ	5
(IV) АККРЕДИТТЕУДІҢ АЛДЫҒЫ ІС-ШАРАЛАРЫН СИПАТТАУ	8
(V) ССК КЕЛУ СИПАТТАМАСЫ	9
(VI) ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ.....	11
6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты	11
6.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты.....	12
6.3. «Оқытушылар және оқытудың тиімділігі» стандарты	14
6.4. «Білім алушылар» стандарты	15
6.5. «Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланатын ресурстар» стандарты	16
(VI) КҮШТІ ЖАҚТАРДЫ ШОЛУ/ ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕНІ ШОЛУ	18
(VII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫЛЫМДАРДЫ ШОЛУ	19



(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

ССК – сыртқы сараптама комиссиясы;
МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары;
НҚА – нормативті құқықтық актілер;
МКҚК – мемлекеттік коммуналды қазыналық кәсіпорын;
АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
БжҒМ – білім және ғылым министрлігі;
АРТА – аккредиттеу және рейтингілеудің тәуелсіз агенттігі;
ББ – білім бағдарламасы;
ОҚ – оқытушылық құрам;
ҚР – Қазақстан Республикасы;
ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары;
БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары;
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім беру;
ТОЖ – типтік оқу жоспары;
ОҚПК – МКҚК «Оңтүстік қазақстан политехникалық колледж»;
ҚДББ – кәсіби дайындық деңгейін және біліктілігін бағалау;
АБЖ – автоматтандырылған басқару жүйесі;
КБК – кітапханалық және библиографиялық классификация;
ЖОО – жоғарғы оқу орны
БАИжББЖКҚД – біліктілікті арттыру институты және білім беру жүйесінің кадрларын қайта даярлау
ЖІЖК – жастар ісі жөніндегі комитет
ПБК – пәндік бірлестік комиссиясы
РМК – Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
ОӘК – оқу-әдістемелік комплекс
ЖОБ – жұмыс оқу бағдарламасы
ЛН – лауазымдық нұсқаулықтар
БТЕ – бөлім туралы ереже
ПК – педагогикалық кеңес
ӘБА – әкімшілік-басқару аппараты
ББжТЖ – білім беру және тәрбие жұмысы
ОӨЖ – оқу-өндірістік жұмыс
СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі

(II) КІРІСПЕ

АРТАинституционалды және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында аккредиттеу және рейтингілеудің тәуелсіз агенттігінің сыртқы сараптама комиссиясы 28.04.2018ж № 44-18-ОД бұйрығына сәйкес 2018 жылдың 14-16 мамыр аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасы ММҚКҚ «Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжіне» келді.

Сыртқы сараптама комиссиясының (бұдан әрі - «ССК») есебі Оңтүстік Қазақстан облысы білім беру басқармасы МҚКҚ«Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжінің»АРТА стандартының критерийлеріне сәйкестігін, жұмысын одан әрі жетілдіру үшін ССК ұсынымдарын бағалауды қамтиды.

Состав ВЭК:

1. **Комиссияның төрағасы**– Татибеков Санжар Меирханович, «Кәсіпқор» холдингі»КЕҚ стратегиялық даму және мониторинг бөлімінің бастығы (Астана қ.);
2. **Шетелдік эксперт** – Тайиров Миталип Муратович, ф.-м.ғ.д., Баткен мемлекеттік университетінің профессоры (Кызыл-Кыя қ., Қырғызстан Республикасы);
3. **Эксперт** – Бейсетбаев Асылхан Косылханович, МҚКҚ «Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі» директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары(Алматы қ.);
4. **Эксперт** – Енкенов Бауыржан Болатханович, МҚКҚ «Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжі» директордың инновациялық технологиялар жөніндегі орынбасары (Талдықорған қ.);
5. **Эксперт** – Нуржан Нурлы Нуржановна, ҚМҚК «С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық колледжі» директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары(Атырау қ.);
6. **Эксперт** – Тугерова Галия Бердибаевна, МҚКҚ «Маңғыстау энергетикалық колледжі» директордың ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары (Ақтау қ.);
7. **Эксперт** – Жубандыкова Женискуль Умиртаевна, т.ғ.к., Ақтөбе политехникалық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы (Ақтөбе қ.);
8. **Наблюдатель от Агентства** – Бекенова Динара Каирбековна, АРТАТЖКБ ұйымдарын аккредиттеу бойынша жобаның жетекшісі (Астана қ.);
9. **Работодатель** – Турсынбекова Мадина Таусултановна, ОҚО өңірлік кәсіпкерлер палатасы адами капитал бөлімінің бастығы (Шымкент қ.);
10. **Студент** – Рахымбай Айкен Сәкенқызы, МҚКҚ «Шымкент көлік, байланыс және жаңа технологиялар колледжінің»1202000«Көліктегі қозғалысты ұйымдастыру және тасымалдау (салалар бойынша)» мамандығының 2 – курс студенті (Шымкент қ.).

(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ

Оңтүстік Қазақстан облысы Білім басқармасының Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі» (ары қарай - ОҚПК). Колледждің тарихи негізі 1934 жылы Кеңес Үкіметінің индустрияландыруы барысында Шымкент кен-металлургия техникумы салынғаннан қаланған. **ОҚПК кей жылдары қайта құралған.**

ОҚПК ОҚО әкімшілігінің 1997 жылдың 18 маусымындағы қаулысының №140 шешімінің негізінде Оңтүстік Қазақстан энергетика және бизнес колледжі мен (1971 ж.) Шымкент политехникалық колледжінің бірігуі нәтижесінде құралған.

ОҚПК қызметі ОҚО әкімшілігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы қаулысының №13 шешімімен бекітілген жарғы негізінде, 2016 жылдың 13 сәуірдегі ОҚО әділет департаментімен берілген заңды тұлғаның қайта тіркелу туралы анықтамасымен, сонымен қатар 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР «Білім беру» заңына сәйкес, № 319-III, ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы қаулысының №499 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының қызметінің үлгі ережелерімен, ТжКБ бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен (ары қарай - МЖМБС), ҚР 2016-2019 жылдарда білім мен ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасымен және де техникалық пен кәсіби білім беруді регламенттейтін басқа да құқықтық-нормативті актілер негізінде жүзеге асырылады.

ОҚПК Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің жеке меншігі болып табылады. ОҚПК құзіретті органы аймақтың Білім беру басқармасы болып саналады. Меншік түрі – мемлекеттік.

ОҚПК 2016 жылдың 04 мамырында Білім беруді бақылау департаментімен берілген мерзімі шексіз №KZ16LAA00006897 лицензия негізінде жұмыс атқарады.

Өз оқу материалдық-техникалық базасының бар екенін дәлелдейтін құжат жерді үнемі пайдалану құқығының Мемлекеттік актілері болып табылады.

ОҚПК 2013 жылы Мемлекеттік аттестациялаудан сәтті өтіп, аттестацияланған мамандықтар бойынша Мемлекеттік лицензияны дәлелдеді (18.11.2013ж. ОҚО білім беру саласының бақылау Департаментінің №751/18 бұйрығы).

ОҚПК білім алушыларға кәсіби және техникалық білім берудің аралас мамандықтары бойынша тәжерибелік дағдыларды игеруге мүмкіндік беретін техникалық және кәсіби білім берудің (ары қарай - ТжКБ) бағдарламаларын жүзеге асырады.

2007 жылы ОҚПК техникалық және кәсіби білім беру саласында қызмет көрсетуде қойылатын талаптарға сәйкес сертификат (ТСС) алынған болатын. 2017 жылы ОҚПК ресертификациядан өтіп ҚР СТ талаптарына сәйкес Сертификатын алды ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Менеджмент жүйесінің сапасы. Талаптары», №00069153 (2020 жылдың 26 желтоқсанына дейін жарамды).

Колледж мемлекет экономикасына қажетті орта буын мамандарын даярлаумен айналысады.

Колледж ТжКБ 7 мамандығы бойынша кадрлар дайындайды:

Мамандық атауы және шифры	Біліктілік атауы және шифры	Оқу мерзімі 9 сынып негізінде	Оқу мерзімі 11 сынып негізінде
0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы»	081907 3 техник-технолог	3 ж. 10 ай.	2 ж. 10 ай.

0911000 «Электр және электрлі механикалық жабдықтарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу» (түрлері бойынша)	091101 3 электромеханик	3 ж. 10 ай.	2 ж. 10 ай.
0902000 – «Электрмен қамтамасыз ету» (салалар бойынша)	090203 3 техник-электрик	3 ж. 10 ай.	2 ж. 10 ай.
1302000 – «Автоматтандыру және басқару» (бейін бойынша)	130202 3 электромеханик	3 ж. 10 ай.	2 ж. 10 ай.
1304000 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» (түрлері бойынша)	130403 3 техник	3 ж. 6 ай.	2 ж. 6 ай.
	130404 3 техник-бағдарламашы	3 ж. 10 ай.	2 ж. 10 ай.
	1304053 – ақпаратты қорғау технигі	3 ж. 10 ай.	2 ж. 10 ай.
	130406 3 компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсететін техник	3 ж. 10 ай.	2 ж. 10 ай.
1306000 – «Радиоэлектроника және байланыс» (түрлері бойынша)	130609 3 байланыс технигі	2 ж. 10 ай.	1 ж. 10 ай.
0906000 – «Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары»	090603 3 техник-энергетик	3 ж. 10 ай.	2 ж. 10 ай.

Колледж сонымен қатар келесі мамандықтар бойынша лицензияға ие: 0813000 «Дөңгелектер өндірісі және вулканизация үрдісі», 0812000 «Резина-техникалық өндіріс», 0802000 «Мұнай-газ құбырларын, газ және мұнай сақтау орындарын салу және пайдалану», 0907000 «Жылу техникалық құрылғылар және жылумен қамту жүйелері». Бірақ бұл мамандықтар бойынша жұмыс берушілер тарапынан тапсырыстар болмағандықтан кадрлар даярлау жүргізіліп жатқан жоқ және қазіргі таңда ОҚПК аталған мамандықтар бойынша лицензиядан бас тартқалы отыр.

Колледж 2017 жылдың соңында мамандықтардың жұмыс жасау біліктілігі бойынша лицензияға ие болды: 1302000 – «Автоматтандыру және басқару», 1302012 «Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика слесарі», 0819000 – «Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы», 0819012 «Технологиялық құрылғылар операторы», 1304000 – «Есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету», 1304012 «ЭЕМ операторы», 1306000 – «Радиоэлектроника және байланыс» (түрлері бойынша), 1306052 «Кабельщик және байланыс монтажнигі». Колледж болашақта кадрларды даярлауды екі модель бойынша, яғни орта буын және жұмыс істеу біліктілігін алып шығу мамандығымен жүргізгелі отыр.

Мамандарды даярлау күндізгі және сыртқы оқу формасымен жүргізіледі, оқу тілдері – мемлекеттік және орысша.

Колледждің жалпы контингенті 2017-2018 оқу жылының 1 қыркүйегінде 2512 адамды құрады, оның 1780-і мемлекеттік тапсырыс бойынша, 732-сі коммерциялық негізде.

Колледжде алға қойылған мақсаттар мен тапсырмаларды орындау үшін, сапалы бірін беру және нәтижелі жұмыс жүргізу үшін барлық заманауи ақпараттық ресурстар мен материалдық-техникалық базалардың инфрақұрылымдары, жоғары дәрежелі инженерлік-педагогикалық кадрлары бар.

Тексеріс барысында колледждің ИОҚ 205 жұмысшыны құрады, штаттық мұғалімдер үлесінің көрсеткіші – 100 %. ИОҚ сапалық құрамы 48,2 % (54 оқытушы жоғары біліктілік категориясына ие болса, 45 оқытушы бірінші категорияға ие).

Колледж сәйкес материалды-техникалық базаға ие: бұл 66-дан астам кабинеттер мен зертханалары бар 3 қабатты оқу корпусы. Сонымен қатар онда 15 компьютерлік класс, әдістемелік кабинет, 336 орынға арналған мәжіліс залы, 80 орындық оқу залы бар кітапхана, спорт зал, 150 орынға арналған асхана, 4 шеберханасы бар: слесарлық-механикалық, электромонтаждық және электроөлшеуіштік зертханалық-өндірістік корпусы бар.

Колледжде 6 лингофондық кабинет, 25 интерактивті тақтасы бар класс, 30 мультимедиялық кабинет және 8 комплектілі робототехникасы бар кабинет жұмыс жасайды. Компьютерлік класстар соңғы модельдегі 430 компьютермен жабдықталған. Колледж Internet желісіне қосылған. Жақсы электронды оргтехника базасына ие. Сонымен қатар Wi-Fi желісі жұмыс жасайды.

Барлық оқу аудиториялары қажетті техникалық оқу құралдарымен жабдықталған, ал кітапхана оқу-әдістемелік құралдар мен ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілген.

СМЖ-ға сәйкес колледж құрылымына: күндізгі және сырттай оқу түрімен 7 бөлім және 13 кафедра (циклдық комиссия), оқу, өндірістік, тәрбие мен әдістемелік және ақпараттық технологиялар қызметі, сонымен қатар шаруашылық қызметі мен материалды-техникалық қызметтері кіреді.

Колледждің жұмыс істеу барысында өндірістік саланың әр түрлі тарапында өздерінің кәсіби біліктілігіне орын тапқан он мыңдаған мамандар даярланған болатын.

Колледж облыстың және аймақтың негізгі жұмыс берушілерімен тығыз қарым-қатынас жасай отырып мамандарды дайындайды: "ПетроҚазақстан Ойл Продактс" ЖШС, "NILL Corporation" ЖШС, "3-Энергоорталық" АҚ, "Автоматика Прибор Ремсервис" ЖШС, "ШСП "Автоматпром" ЖШС, "AzalaTextile" ЖШС, "TectumEngineering" ЖШС, "Шымкент сигнал және байланыс дистанциясы" АҚ, "ЛКС Сервис" ЖШС, "Транстелеком" АҚ, Шымкент қ. Ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" КММ, "НСК" АҚ, "ОңтүстікЖарықТранзит" ЖШС, "Энергопоток" ЖШС, "Электро аппарат" ЖШС, "Аэропорт Шымкент" АҚ, "Қуатжылуорталық" МҚК, "ҚазақстанТеміржолы" Ұлттық компаниясы, "Alma TV" ЖШС, "ЭЛМО" АҚ, "BerkutIT", "Pro-ITKazakhstan" және тағы басқа. Колледж 80-нен астам кәсіпорынмен келісім шартқа отырған. Аталғандардың барлығы түлектерді тікелей жұмыс берушілермен байланыс жасай отырып жұмысқа орналастыруға және мамандарды даярлауда жоспар құруға мүмкіндік береді.

Жұмыспен қамту көрсеткішінің оң динамикасына сәйкес колледж түлектерінің сұранысқа ие болуын және мамандарды даярлаудың сапасының жақсы болуын көрсетеді. Күндізгі бөлім түлектерінің жұмыспен қамтылуы 85% құрайды (533 түлектің ішінде 455-і жұмыспен қамтылған).

Жоғарғы колледждің жұмысының негізгі дерек көздері – колледждің ресми сайты www.ukpk.kz болып табылады.

(IV) АЛДЫҢҒЫ АККРЕДИТАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Мемлекеттік қазыналық коммуналдық мекемесі Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасы «Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі» ТЖБ ұйымдарын мамандандырылған аккредиттеу рәсімін алғаш рет өткізді.



(V) ССК САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

ССК ОҚПК-не сапары алдын-ала ССК төрағасымен келісіліп және колледж директорымен мақұлданып, 2018 жылдың 14-16 мамыры аралығында бағдарламаға сәйкес ұйымдастырылды.

ОҚПК-де ССК жұмысын үйлестіру мақсатында комиссия мүшелері арасында өкілеттіктер таратылып, келу кестесі белгіленіп, сараптама әдістерін таңдау туралы келісімге қол жеткізілді.

ССК мақсатты топтармен кездесуі белгіленген уақыт аралығын сақтай отырып, сапардың жаңартылған бағдарламасына сәйкес өткізілді. ОҚПК қызметкерлері тарапынан сапар бағдарламасында көрсетілген барлық адамдардың болуы, сондай-ақ сарапшылардың іс-әрекеттеріне толық қолдау көрсетуі қамтамасыз етілді.

Сапар барысында мақсатты топтармен жұмыс істеуден басқа, колледж топтарында білім алушылармен және оқытушылармен, түлектермен, ата-аналар мен жұмыс берушілермен әңгімелесу жүргізілді (1-кесте). Кездесуге барлығы 348 адам қатысты.

Кесте 1. АРТА ССК-мен кездесуге қатысқан қызметкерлер мен білім алушылар туралы және басқа да тұлғалар туралы ақпарат:

Қатысушылар категориясы	Саны
Директор	1
Директордың орынбасары	5
Бөлім меңгерушісі/оқу бөлімінің	8
Пәндік комиссия бірлестік төрағасы/әдістемелік бірлестік	13
Әдіскер	1
Бас есепші/экономист	2
Кадрлар бөлімі меңгерушісі	1
Оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері	75
Басқа қызметкерлер (адвокат, әлеуметтік психолог, психолог, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы, медициналық бөлімнің бастығы, кітапханашы)	6
Оқушы	108
Түлек	65
Әлеуметтік серіктес	21
Оқушылардың ата-аналары	42
Барлығы	348

ССК жұмысының барысында колледж инфрақұрылымын көрнекі тексеру жүргізілді: оқу кабинеттер, зертханалар, өндірістік цехтар, компьютерлік сыныптар, кітапхана, оқу залы, жаттығу залы, медициналық орталық, жатақхана, асханалар және басқалар.

Сондай-ақ ОҚПК тәжірибелік базалары, соның ішінде аккредиттеу бағдарламалары бойынша: ЖШС «Эврика» сауда орталығы, «ҚазТілДаму» ЖШС, «Шымкент қашықтық және ескерту жүйесі» АҚ, «Казтелерадио» АҚ.

Әңгімелесу барысында кәсіпорындар өкілдері кәсіби тәжірибеден өту, бос жұмыс орындарына үміткерлерді іріктеу туралы айтып берді. ССК мүшелері колледждің тәжірибелік жетекшілерінің пассивті жұмысын атап көрсетті, мысалы 1306000 «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығы бойынша 555 тобының 7 оқушысында оқу тәжірибесін өтуде күнделік жоқ, ал кәсіпорынан тәжірибе жетекшілері мамандықтар бойынша әлсіз практикалық оқуды атап өтті.

ССК мүшелері аккредиттелінетін білім беру бағдарламаларын қоса алғанда, оқу сабақтарына қатысты. Атап айтқанда, 4052 тобының (мамандық 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» біліктілігі 1304063 компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсетуші техник), «Установка и настройка безопасности домашнего офиса» оқу тәжірибесіне қатысты. Тәжірибе 2 топшаға бөлініп өтіледі. 1-ші топшада оқытушы Р.К.Мусалиева және 2-ші топшада оқытушы Мамырбекова А. Тақырыбы «Программы для работы в сетях (Lanu Wan)». Әрбір топшада 11 оқушы қатысты. 453 тобына (мамандық 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» біліктілігі 1304033 техник), «Периферийные устройства ПЭВМ» оқу тәжірибесі бойынша. Тәжірибе 1-топшада оқытушы Налибаев М.С., тәжірибелік сабақтың тақырыбы «Принтерлер. Лазерлік, сия бүріккіш және матрицалық принтерлер. Принтерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу», топшада 12 адам қатысты.

Сабақ барысында техникалық оқу құралдары (проектор, компьютерлік және перифериялық жабдықтар) пайдаланылды. Студенттер белсенді қатысты, яғни тәжірибелік тапсырмаларды орындады, сұрақтарға жауап берді. Бағдарлама толығымен оқу жоспарына сәйкес келеді. Тақырыптың мазмұнының маңыздылығы мен өзектілігіне байланысты студенттер оқу тәжірибесінің жоспары бойынша берілген тапсырмаларды орындауда белсенді қатысты. Алайда ССК мүшелері сабақ жоспары мен КТЖ-ның сабақта пайдаланылатын көрнекі құралдарында перифериялық құрылғыларды баптау бойынша арнайы жабдықтардың белгіленбегенін, студенттерді дайындауда оқу тәжірибесінің әлсіз тұсы деп көрсетті. Сабаққа талдау жасау колледждің оқытушылар құрамының жеткілікті сапалы екендігін және теориялық білім деңгейінің жақсы екендігін көрсетті.

Аудиториялар мультимедиялық жабдықпен (проектор, экран, үндеткіштер) жабдықталған. Жалпы алғанда, оқушылар сабаққа белсене қатысты, яғни тәжірибелік тапсырмаларды орындады, сұрақтарға жауап берді және талқылады. Бағдарламалар сабақ жоспарына толығымен сәйкес келеді. Жалпы алғанда, оқытушылар құрамы сапалы, теориялық және тәжірибелік білім деңгейі жеткілікті, бірақ соған қарамастан кейбір жағдайларда жақсарту қажет.

ССК сарапшылары колледждің құжаттамасын, оның ішінде аккредиттелген білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын бөлімдерді, кафедраларды мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін зерттеді.

ССК жұмысына барлық жағдай жасалған, барлық қажетті ақпараттық ресурстарға қол жетімділік ұйымдастырылған.

Жоспарланған бағдарлама шеңберінде колледж жетекшілігімен кездесуде зерттеу қорытындылары бойынша ССК әзірлеген колледждің қызметін жетілдіру бойынша негізгі шешімдер ұсынылды. Колледж басшылығына соңғы отырыста кейінгі іс-әрекеттер туралы айтып берді.

Сапар шеңберінде жоспарланған іс-шаралар АРТА ССК мүшелеріне деректердің сәйкестігін, колледждің өзін-өзі бағалау туралы есептерін, мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының өлшемдерін тәуелсіз бағалауды жүргізуге мүмкіндік берді.

ОҚПК іс-әрекеттерінің АРТА мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін егжей-тегжейлі талдау ССК мүшелеріне колледжге бару бағдарламасының аясында стандарттар тұрғысынан келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

6.1. «Білім беру бағдарламаларын басқару» стандарты

1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» және 1306000 «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығы бойынша аккредиттелінетін бағдарламалардың білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасының МЖМБС және типтік оқу бағдарламалары мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес әзірленген. Білім беру бағдарламасы оқу жұмыс жоспарын, оқу жұмыс бағдарламаларын, күнтізбектік-тақырыптық жоспарларын, оқу процесінің кестесіне сәйкес оқу-тәжірибесі және кәсіби тәжірибелерінің бағдарламаларын, ЖОЖ пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешендерін қамтиды. Тексеру барысында ССК мүшесіне барлық осы құжаттар ұсынылды. Білім беру бағдарламасы жоғары білікті кәсіби мамандар даярлаудағы колледждің миссиясын орындауға негізделген және жеткілікті ресурстарға ие: базалық кәсіптік жоғары білімі бар кадрлық құрам, материалды-техникалық база, консультациялар мен факультативтердің тізімі МЖМБС талаптарына сәйкес.

Стратегиялық білім беру қызметі колледждің жоспарлы, есептік құжаттарында жеткілікті көрсетілді.

Аккредиттелінетін ББ мазмұны ТЖКБ саласында ҚР МЖМБС және басқа да НҚА-ге сәйкес және колледж миссиясына және жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне жауап беретін маманын дайындау сапасына кепілдік береді.

ССК мүшелері білім беру бағдарламалары мен қабылданған шешімдер туралы ақпарат педагогикалық кадрларға жеткізілетіндігін, бірақ мүдделі тараптарға (мүдделі тұлғаларға) ақпарат пассивті жеткізілетінін айтып көрсетті.

Білім беру бағдарламалары және қабылданған шешімдер туралы ақпараттың мүдделі тұлғаларға жеткізілуі, басшылықтың білім алушылармен кездесуінде, басшылықтың бұқаралық ақпарат құралдарымен жүргізген сұхбаттарында жүзеге асырылады.

Аккредиттелінетін бітіруші түлек бөлімдері білім беру бағдарламасы бойынша өз қызметінің сапасын жаңарту мақсатында талдау, бақылау және бағалау (мониторинг) жүргізеді. Мониторинг оқыту мен өндірістік қызметтің барлық түрлері, соның ішінде экскурсиялар, зертханалық жұмыстар, тәжірибелік жаттығулардың бақылауын қамтиды.

Ұйым колледж дамуының стратегиялық жоспарын әзірлеуді және жүзеге асыруды көрсетеді. Бұл үдерісте оқушылар, педагогикалық қызметкерлер және мүдделі тұлғалар қатысады. Сұхбат, әңгімелесу, сауалнама негізінде мүдделі тұлғалардың жоспарлар мазмұны және оны жүзеге асыру нәтижелері туралы жеткілікті хабардар екені анықталды. Колледждің сайтында, ақпарат көзі ретінде, оқытушылардың оқытудың инновациялық тәсілдерін және оқытудың интерактивті формаларын енгізу тетіктері толық ашылмаған. Тәжірибе базасындағы жұмыс берушілермен әңгімелесу кезінде тәжірибе жетекшілері колледж өкілдерінің ББ-н қайта қарауға және бүгінгі өндірістің нақты ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру сапасын жақсартудағы өзгерістерді енгізуге белсенді қатыспағанын атап өтті.

Жалпы құзыреттілікті игеру: жалпы білімділікті, әлеуметтік-этикалық құзыреттіліктерді, экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық құзыреттілікті; білім беру деңгейіне сәйкес әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдерді, географиялық және әлеуметтік ұтқырлықты орындауға дайындығы.

Арнайы құзыреттілікке оқушылар арнайы пәндерді оқып-үйрену, курстық жобаларды қорғау, оқу, технологиялық және диплом алды тәжірибелерінен өткеннен кейін ие болады.

Оқытушылардың сауалнамасы 64,3% жақсы және 35,7% өте жақсы, ББ мазмұны мұғалімдердің қажеттіліктерін қанағаттандыруы 1,8% салыстырмалы түрде нашар, 67,9% жақсы және 30,4% инновациялық бағдарламаларда миссия мен колледж стратегиясын

көрсетеді.

ББ күшті жақтары:

- мүдделі тұлғалар мен оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін білім беру бағдарламаларының бағдарлануы;
- білім беру бағдарламасының қолжетімді ресурстары ҚР еңбек нарығы мен білім беру саясатының талаптарына барабар болуы;
- ISO 9001-2016 стандарт негізінде сапа менеджмент жүйесінің енгізілуі;
- білім алушыларды, қызметкерлерді және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру және кері байланыс орнату жүйесінің болуы және тиімді жұмыс істеуі;
- қызметкерлер, тыңдаушылар мен оқытушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін өлшеу және өлшеу процесінде табылған кемшіліктерді жою туралы дәлелдемелерді көрсетуі;
- білім алушылар, оқытушылар мен ата-аналар үшін дәлелдемелердің ашық болуын көрсетуі;

ССК ұсыныстары

- кәсіптік практика мен арнайы пәндер контекстінде ББ жұмыс берушілермен үйлестіру жөніндегі жұмысты жетілдіру;
- оқытушылар құрамы мен оқу-әдістемелік кабинетінің мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының өзгеру тиімділігін талдауда және мазмұнын жаңарту бойынша жұмыстарды жүйелеу;
- ББ басшылығы оқытушылардың, қызметкерлердің, білім алушылардың және жұмыс берушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыруын зерттеу және талдау нәтижелері бойынша ұйым қызметін үздіксіз жақсарту механизмдерін жетілдіру.

Критерийлер бойынша ССК қорытындылары: Осы стандарт бойынша мамандандырылған профилде 8 күшті позициялар бар, 11 қанағаттанарлық және 3 позицияны жақсарту қажет.

6.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты

Сарапшылар тобы жұмыс оқу жоспарын және олардың мазмұнын жетілдіру бағдарламаларын талдады. Жұмыс оқу жоспарлары колледждің әлеуметтік серіктестермен келісілген және типтік оқу бағдарламалары мен ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес. Колледждің оқу жұмысы ҚР БЖҒМ ТЖКБ мекемелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нормативтік құқықтық актілермен сәйкес жүзеге асырылады. Оқытушылардың педагогикалық жүктемесі 1,5 ставкадан аспайды, яғни 1080 сағат және базалық білімге, жұмыс тәжірибесіне және біліктілік санатына сәйкес бөлінген.

Әрбір мамандықтың ББ ерекшелігі тиісті саланың әртүрлі кәсіпорындарында жұмыс істеу барысында алдына қойған міндеттерді орындай алатын маман даярлау. ББ базалық және кәсіби құзыреттілігі бар түлектердің үлгісін көрсетеді.

ТЖКБ МЖМБС сәйкес бақылаудың міндетті нысандарының бірі курстық жоба болып табылады, болашақ түлектердің кәсіптік қызметіне байланысты күрделі мәселелерді шешуде алған білімін, машықтар мен құзыреттілігін қолдануды үйрену.

ССК мүшелері барлық аккредиттелінетін білім беру бағдарламалары бойынша оқу жоспарына сәйкес курстық жұмыстар мен жобаларды қарады. Жобалар негізінен зерттеулер болып табылады және жобаны дамыту принциптерін қамтымайды. Курстық жобалардың тақырыбы заманауи шеткерушілер мен бағдарламалық қамтамасыз етуді ескере отырып жаңартуды талап етеді.

Мамандарды даярлаудың соңғы кезеңі екі кезеңнен тұратын қорытынды аттестация болып табылады:

1-кезең: - 1304000 «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» дипломдық жобаларды қорғау қарастырылған, мұнда 2017 жылғы түлегі Б.А.Әбсаттардың тақырыбы «PHPweb бағдарламалау тілі» атты мультимедиялық электронды оқулық» дипломдық жобасы ерекше атап өтілді. Ал 1306000 «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығы бойынша пәндер бойынша кешенді емтихан өткізеді: 1. Сандық коммутация жүйелері; 2. Телекоммуникацияны басқару кешені; 3. Сандық байланыс желілері.

КДДБ-ның (кәсіптік даярлық деңгейін бағалау) 2 кезеңі

ССК мүшелері қорытынды аттестация және біліктілік комиссиясының төрағаларының білім беру сапасын жақсарту бойынша оң пікірлер мен ұсынымдары жазылған есептерін қарады. Түлектердің КДДБ өту мониторингі 100%-ды құрады. Сондай-ақ, ССК мүшелері қорытынды аттестаттау хаттамасын қарағаннан кейін, хаттамалардың ҚР БЖҒМ «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» 23.10.2007ж №502 бұйрығының талаптарына сәйкес келмейтіндігін анықтады.

АРТА ССК сапары кезінде өткізілген студенттік сауалнама келесі көрсеткішті көрсетті:

-89,7% білім алушылар оқу үдерісіндегі оқу материалдарына, көрсетілетін қолдауларға қанағаттанады;

-88,5% білім алушылар колледждің бар оқу ресурстарына қанағаттанады;

-92,3% білім алушылар оқу бағдарламаларының жалпы сапасына қанағаттанады;

-88,5% білім алушылар жалпы оқыту әдістерімен қанағаттанады.

Стандарттың күшті жақтары:

- оқу пәндерінің мазмұны бойынша кәсіби контекстің болуы;
- ББ басқармасы білім беру үдерісінің мәселелері бойынша студенттерге жеке көмек көрсету және кеңес беру жүйесінің тиімділігі мен тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- басшылық ББ тиімді меңгеру үшін жағдай жасайды;
- ББ басқармасы білім алушылардың жетістіктері үшін мониторинг жүйесінің болуын көрсетеді;
- оқытудың нәтижелері бағалау критерийлерінің мен үдерісінің айқындығы;
- ББ басқармасы білім алушылардың келесі білім деңгейлерінде білімін жалғастыруға дағдыларының қалыптасуын қамтамасыз етеді;

ССК ұсыныстары

- 1304000 - «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының ББ бойынша оқытудың белсенді әдістерін және инновациялық оқыту әдістерін жүйелі дамыту, енгізу және тиімділігін қамтамасыз ету;

- ТЖКБ жүйесіндегі нормативтік-құқықтық актілердің сақталуы үшін барлық бизнес-процестердің ішкі аудитін жүргізу, оның ішінде теориялық және өндірістік оқытуды есепке алу журналын жүргізу;

- аккредиттелген мамандықтар бойынша кітапхана қорын мемлекеттік тілде оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттермен (оның ішінде колледж оқытушыларының авторлық жұмыстарын қоса алғанда) толықтыру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Критерийлер бойынша ССК қорытындылары: Осы стандарт бойынша мамандандырылған профиль 6 мықты позициядан, 15 қанағаттанарлық және 3 позицияны жақсартуды талап етеді.

6.3. «Оқытушылар және оқытудың тиімділігі» стандарты

Кадрлық саясат негізгі басымдықтарға сәйкес жүзеге асырылады. Колледждің даму стратегиясы адам ресурстарымен жұмыс істеу саласындағы қазіргі заманғы үрдістерге сәйкес келеді. Жұмысқа қабылдау және міндеттерді бөлу ТЖКБ ұйымдарының қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкес орындалады.

Педагогикалық ұжымның аккредиттелінетін ББ бойынша кәсіби-біліктілік деңгейінің қажеттілігі білім алушыларды оқыту бағытымен, лицензиялау талаптарымен анықталады. Аккредиттелінетін ББ-ны іске асыру үшін біліктілік деңгейі аккредиттелінетін ББ ерекшеліктеріне сәйкес келетін, тиісті профильдегі кәсіптік білімі бар тұлғалар тартылады. Барлық оқытушылардың оқытылатын пәндеріне сәйкес негізгі білімі бар. ПОҚ таңдау және жұмысқа қабылдау бос орындарға арналған, білімі мен тәжірибесіне сәйкес жүргізілген конкурстың нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Тұтастай алғанда, ББ-ның білікті профессорлық-оқытушылық құрамы штат кестесіне сәйкес барлық оқу кезеңінде жұмыс істейді. Педагогикалық кадрларды ынталандыру және оқу үдерісінің тиімділігін жоғарылату және оқытушылардың оқыту сапасын жоғарылату мақсатында колледж жыл сайын «Үздік мұғалім» байқауын өткізеді. Ағымдағы оқу жылында «Бағдарламалау және АЖ» пәндік бірлестігінің оқытушысы Тасболатова Әлия Алтайқызы осы байқауға қатысып, 125 000 теңге көлемінде сертификат алып, екінші орынды иеленді.

Оқытудың сапасын арттыру, өндірістік процесстермен тығыз қарым-қатынаста болу үшін, оқу үрдісіне секторлардағы тәжірибесі бар мамандар қатысады, алайда ББ-ны енгізуді жетілдіру мақсатында әлеуметтік әріптестердің кәсіпорындарында тәжірибе өту тәжірибесін анықтау қажет.

ББ басқармасы педагогикалық ұжымның персонал әлеуетінің ББ ерекшеліктеріне сәйкестігін көрсетті. ББ басқармасы мамандықтар оқытушыларының оқу үдерісінде инновацияларды қолдануға ынталандырады, оларды іске асырудың негізгі шарты компьютермен жұмыс істеу дағдысы бар компьютердің техникалық мүмкіндіктерін білетін мамандардың болуы, санитарлық нормаларды және компьютерді пайдалану ережелерін сақтауға мүмкіндік береді. Осыны ескере отырып, оқытушылардың компьютерлік сауаттылығын арттыру, оларды бағдарламалық-білім беру кешендерімен жұмыс істеу, жаһандық компьютерлік желінің ресурстарын меңгерту басты міндет болды. Профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілігі туралы ақпаратты колледж сайтында (ukrk.kz педагогикалық ұжымның бөлімінде) алуға болады, ол кез-келген уақытта және тиісті циклдік комиссиялардың ақпараттық стенділерінде қол жетімді.

АРТА ССК сапары кезінде жүргізілген оқытушылар сауалнамасы оқытушылардың 100% БАИ біліктілігін арттыру жөніндегі жұмыс тиімді болып табылады деп санайтындығын көрсетті. Оқытушылардың 100% оқытушылардың әлеуеті мен қабілетін мойындаудың барабарлығын бағалайды және олардың барлығы тең мүмкіндіктерге ие деп санайды.

Стандарттың күшті жақтары:

- оқытушылар құрамының кадрлық әлеуетін білім беру бағдарламаларының ерекшеліктеріне сәйкестігі;
- мұғалімдердің жұмыс жүктемесі түрлі іс-шараларды қамтиды;
- ББ басқармасы оқытушыларың жоспарланған жүктемесін барлық түрлерінің орындалуын дәлелдеп көрсетеді;
- педагогикалық ұжымның қанағаттануын бақылау;
- педагогикалық ұжым қоғам өміріне белсене қатысады.

ССК ұсыныстары:

- білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін колледж басшылығы өндірістен мамандарды тартуға және колледжде де, өнеркәсіпте де оқыған пәндердің үлесін

анықтауы керек;

- ББ басқармасы педагогикалық кадрлардың АТ құзыреттілігін, инновациялық әдістер мен оқу формаларын қолдануды көрсету керек, өйткені оларды пайдаланудың тиімділігіне мониторинг және бағалау негізінде заманауи ақпараттық технологияларды және инновациялық оқыту әдістерін енгізу бойынша жұмысты жүйелендіру қажет;

- ББ басқармасы 1304000 - «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету», 1306000 - «Радиоэлектроника және байланыс» мамандығы бойынша ББ-ны енгізу сапасын жақсарту үшін әлеуметтік әріптестер кәсіпорнының негізінде БАИ тәжірибесін қамтамасыз етуі тиіс.

